

14.01.2019

Жастар – ұлттың басты капиталы

2019 жылы 14-қаңтар күні Арқалық қаласындағы №2 облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының оқу залы бөлімінде Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың былтырғы жылғы «Қазақстандықтардың өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты халқына арнаған Жолдауында айтқандай 2019 жыл Жастар жылы болғандықтан, «Жастар – ұлттың басты капиталы» атты тұрақты көрме ұйымдастырылды. Көрменің мақсаты Елбасымыздың халыққа Жолдауымен таныстыру. Көрменің әр бөлімдеріне шолу жасап, оқырмандардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру. Жасампаз елдің жастарын патриоттыққа, елжандылыққа, белсенді болуға тәрбиелеу.

Көрме 3 бөлімнен тұрады. Бірінші бөлім «Жастарды жігерлендірген Жолдау», екінші бөлім «Ел жастарымен ажарлы», үшінші бөлім «Кел, жастар, оқылық!» деп аталады. Осы тақырыптарға сәйкес әр бөлімге кітаптар мен газет-журналдар қойылды. Сонымен қатар, қаламыздың 2018 жылы «Алтын кітапқа» енген патриот жастарының фотолары қойылып, жеткен жетістіктерімен оқырмандарға таныстырылады.

Биылғы жылды Жастар жылына арнау – олардың рухани, мәдени, білімдік, кәсіби тұрғыда жан-жақты дамуы үшін әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдастырушылық жағдайлар мен кепілдіктер жасауға мүмкіндік береді.

«Жастар – ұлттың басты капиталы» атты кітап көрмесі жыл бойы тұрақты көрме ретінде болады және жыл ішінде жаңалықтармен толықтырылып отырады.

Жас оқырмандарды көрмемен танысуға кітапханаға шақырамыз!

